

# ӨЗІҢ ТАППАҒАН ДҮНИЕНІҢ ҚАДІРІ ЖОҚ

**Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында жастарға білім мен тәрбие беру, оларды мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау мәселесіне баса мән берілді. Ал, жастарға қолдау көрсету, оның ішінде кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсету – мемлекеттің басты міндетінің бірі. Өйткені, біздің қоғамда кәсібилік пен еңбекқорлық ең жоғары орында тұруы тиіс.**

«Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады. Мен Ұлттық құрылтайда және «Жастар рухының» съезінде бұған арнайы тоқталдым. Біз қарапайым еңбек адамына құрмет көрсетуіміз керек. Қандай кәсіппен айналыссаң да, оны сапалы атқару маңызды. Жастар нақты бір мамандықтың қыр-сырын жетік білуге ұмтылғаны жөн. Өз саласының шеберіне әрдайым сұраныс болады. Өскелең ұрпақ Қазақстанда ғана емес, өзге елдерде де бәсекеге қабілетті болуы керек», деген болатын Президент.

Иә, студент жастар қоғамның ажырамас бөлігі. Озық дамыған елдерде жастар болашақтың тұтқасын ұстайтын адам ретінде қарастырылады. Осы тұрғыда студент жастардың қоғамда алатын

орны мен рөлі ерекше. Оларға дұрыс тәрбие беру – ең маңызды іс. Студент жастардың талабын, сұранысын қанағаттандыруда барлық күш жұмылдырылуы қажет. Жоғарғы оқу орнындағы студенттік топта әрбір студентті танып, біле отыра олардың ұжымдық өмірін, жұмыс қабілеттілігін және ұжымдық шығармашылығын қадағалау керек.

Студенттік шақ болашақ маманның тұлға ретінде қалыптасатын кезі, әлеуметтенудің ең негізгі сатысы. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» демекші, ортасынан, ата-анасының жанынан жыраққа кетіп бара жатқан жас студенттің ішкі тұлғалық позициясы өзгеріске ұшырайды. Студенттің тұлға ретінде дамуы, қалыптасуы, ерекшеліктері, өмір көзқарастары, белсенділігі, тұжырымдары, мүдделері, барлығы оқу-тәр-

биелік жұмысқа тікелей байланысты болады. Кейде студенттер ата-анасынан алыстап кетіп жаңа пана іздеген сары балапандай көрінеді. Жас шыбық қалай бұрсаң, солай өседі, жас буын тез қабылдайды. Осы сәтте мұқият және абай болу қажет.

Студенттік кезде эмоционалды өмір жағы ұлғаяды. Олардың өзінің орны мен рөлін махаббатта, достықта, романтикада іздеу сұранысы өседі. Қозғалғыш, динамикаға толы болады. Біздің студент тек тәрбие объектісі емес, ол тәрбие субъектісі екенін естен еш уақытта шығармау керек. Студент үшін, ең бастысы, ол-өзінің қатесін түсініп, жойып, өзінің мінезін өзі түзетуге бағыттау, дағдыландыру, өз мінезімен өзі жұмыс жасау болып табылады. Сонда студент кешегі мектептегі бозбала болашақ маман иесі атына ие

болады. Студент өзін-өзі дамытудың арқасында сыртқы жағымсыз әсер ететін факторларға төзімді болады, жауапкершілігі артады, реалистік, оптимистік, альтруистік мінез-құлық қалыптаса бастайды. Отбасында, оқуда, оқу ұжымында араздастық мінез-құлық нашар тұлғаны қалыптастырады, психикалық дамуды төмендетеді және тежейді, өзіне сенімсіздікті ұялатады, немесе агрессиялық мінезді қалыптастырады. Қазақи биязы мінез қой аузынан шөп алмас мінез жойылады. Көптеген дамыған елдерде тыңдау мәдениетіне, дискуссия құру мәдениетіне, сұхбаттасу технологиясына үйрету курстары жүргізіледі. Іскерлік қарым-қатынас жасаудың тиімдігін арттыру сабақтары беріледі. Қорытындылай келе, ешқайсысымыз мінсіз адамбыз дегенге болмайды, әр адамның өз міні де қадірі де бар. Ал адамның қадірін өз биігінде білуі, түсінуі үлкен өнер екенін ұмытпайық.

**С.О. ҚУАНЫШБАЕВА,  
А.О. ҚУАНЫШБАЕВА,  
З.Т. МАМЕЕВА,  
М.Әуезов атындағы ОҚУ  
"Азаматтық құқық және  
процесс" кафедрасының  
оқытушылары**